Еліміз егемендік алған жылдардан бастап тарихымыздың көптеген ақтаңдақ беттері ашылып, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіле бастады. Осы негізде археологиялық ізденістер де жандана түсіп, отандық ғалым-археологтардың өз міндеттерін нағыз кәсіби дәрежеде атқарып, сүбелі үлес қосып отырғанын айта кеткен орынды. Дегенмен де, аймақтық ерекшеліктерге байланысты басы ашылмаған мәселелер де өз шешімін күтуде. Жалпы Оңтүстік-Батыс Алтай археологиялық ескерткіштерінің хронологиялық диапазонының кендігімен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті мемлекеттік мекемесі жариялаған 2015-2017 жылдарға арналған ғылыми жобалар аясында ҚазҰУ доценті, т.ғ.к. Ф.К. Омаровтың басшылығымен «Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілері: пәнаралық зерттеу» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары аталмыш өлкеде өткен жылы басталды.

Жобаның басты мақсаты – өлкедегі әр дәуірдің археологиялық ескерткіштерінің толық картасын жасау. Сонымен қатар мүмкіндігінше қола, ерте темір және түркі дәуірі тайпаларының жерлеу ғұрпы, салт-санасы мен дүниетанымына қатысты материалдарды жүйелеу, сараптау мақсатында жаңадан ашылған ескерткіштердің ішінен негізінен авариялық және ерекше қызығушылық туғызатын қорған, қоршауларға қазба жұмыстарын жүргізу. Осы мәселелерді шешу жолында Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің ұстаздары, ғылыми қызметкерлері, магистранттары мен студенттерінен жасақталған Алтай археологиялық экспедициясы құрылып, оның құрамында археологиялық өндірістік тәжірибеден өтуге археология тобының студенттерімен бірге Қазақ инновациялық-гуманитарлық заң университеті тарих және география кафедрасының студенттері де қатысса (жетекшісі Ұ.Қ. Жанғалиев), ал ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінің картография және геоинформатика кафедрасының (кафедра меңгерушісі т.ғ.д. профессор Х.М. Қасымқанова) «Геодезия және картография» мамандығындағы бір топ студенттері (жетекшілері аға оқытушы Г.Қ. Байдәулетова, докторант Б.К. Бектұр) алғаш рет әріптестік тұрғысында теория-

лық білімдерін практикалық жағынан далалық жағдайда геодезиялық аспапты түсірулер арқылы ұштастырды.

Экспедиция құрамына ғылыми жоба бойынша жұмысқа қабылданған түркиялық профессор Южель Шенюрт, ресейлік ғылыми қызметкерлер – А.А. Тишкин мен Н.Н. Серегин және Венгриядан келген PhD докторант Вероника Хорват кірді.

Барлау жұмыстары барысында ерте темір дәуірімен сипатталатын археологиялық ескерткіштердің бірнеше түрі есепке алынды. Олар – бірнеше қорғандар тобы, тастағы суреттер, ежелгі қоныс орындары. Сонымен қатар, Алтай тауының Қалғұты өзенінің оң жағалауындағы Еңбек 2, 3 қорымдары тізімге алынды. Осылармен бірге өңірді ежелгі замандарда мекендеушілердің өнерінен хабар беретін бірнеше петроглифтері тізімделді. Барлау жұмыстарымен бірге Еңбек ауылының маңында осы аттас қорымдағы бір қорғанда қазба жұмысы жүргізілді.

Студенттердің ғылыми-зерттеу ЖҰМЫСТАРЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ЗОР



алып, зембiл тасып, ескерткіштің сырын ашуға тікелей қатысты. Олардың мұндай еңбекқорлығы тарихқа деген ынталарынан туындаса керек.

Археологиялық ескерткіштерді зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Оны олар өз көздерімен көріп, жадыларына тоқыды. Атқарылған жұмыстардың барысын студенттер өздерінің далалық күнделіктеріне түртіп отырды. Себебі, далалық күнделік толтыру – археологияның ажырамас, құрамдас бөлігі. Мұны кез келген бастауыш археолог игере білуі тиіс. Студенттер бұл сынақтан да сүрінбей өтті. Археологтардың сапалы басшылығы арқасында өндірістік тәжірибе ғылыми негізде өтті. Археологиялық тәжірибенің сапалы, ұйымдасқан дәрежеде өтуіне, техникалық қауіпсіздікті сақтауға барынша көңіл бөлінді. Соның нәтижесінде археологиялық тәжірибе жоғары деңгейде өтті деп сеніммен айта

аламыз. Ескерткішке келіп жайғасқан соң студенттер ескерткішпен және жердің топографиялық жағдайымен танысты. Экспедиция мүшелері география және табиғатты пайдалану факультетінің студенттерімен бірге ескерткіштің топо түсірімін жасады. Шаршы торларға бөлді. Келесі кезекте обаны толықтай аршу жолында жұмыстар жүргізілді. Алдымен үсті тазартылып, жоғарғы шым қабаты алынып тазаланды. Осы бөліктің сызбасы салынып, фото және бейнетаспаға түсірілді. Оқу жылы барысында студенттер «Археология» пәні бойынша теориялық тұрғыда білім алса, енді олар практикалық тұрғыда білімін шындауға кірісті. Қолдарына күрек, сыпыртқы, пышақ секілді құралдар

аламыз.

Жалпы қазба жұмыстары ерте замандағы түркі дәуірі тұрғындарының жерлеу ғұрпы жөнінде, обалардың архитектуралық құрылысы жайлы біршама ақпараттар берді. Бұл материалдар болашақта Күршім ауданында жүргізілетін археологиялық зерттеулер барысында кейбір тұжырымдар жасауға септігін тигізіп, өңірдің тарихы туралы алғашқы көзқарастарымызды қалыптастыруға көмектеседі.

Аса бай табиғаты, кереметтей археологиялық ескерткіштері бар Күршім ауданындағы нақты ғылыми тұрғыдан алғандағы ауқымды зерттеулер биылғы жылы да үлкен жаңалықтарға толы болмақ.

**Ғ.Қ. ОМАРОВ,
Х.М. ҚАСЫМҚАНОВА,
Г.Қ. ЖАНҒҰЛОВА**



Жуырда ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында «Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Он томдық» атты басылымның тұсаукесер рәсімі өтті.

Сүбелі ЕҢБЕК



Жиынды ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің деканы, ф.ғ.д. Өмірхан Әбдиманұлы ашты. Ол: «Абай ғылыми-зерттеу институты XIX ғасырдың аяқ кезі мен XX ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы бүкіл Абай туралы шығармашылық мұраны, ақын туралы зерттеулерді жинап, абайтанудың 10 томдық таңдамалы еңбектерін шығарды. Бағалай білген адамға бұл өте зор еңбек!» – деп сөз бастап, еңбекке жоғары баға берді. Он томдық жинақтың лентасын қию дәстүрі филология және әлем тілдері факультеті, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры Зұфар Сейтжанов пен М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының профессоры, ф.ғ.д. Айгүл Ісімақоваға салтанатты түрде табысталды.

ҚазҰУ-дың филология факультетінде «Абайтану» пәнінің негізін салған М. Әуезов еді. Осы пәннің жалғасы ретінде Абайтану ғылыми-зерттеу институтының «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пән-аралық зерттеу» атты ғылыми жоба аясында жарық көрген он томдық бұл кітаптар болашақта халқымыздың зор игілігіне айналмақ. Абай еңбектерін насихаттаған шараға жиналған қауым осылай деп ой білдірді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-дәрігер, медицина және педагогика ғылымдарының докторы Совет-хан Ғаббасов: «Абайтану» арқылы ұлтты, жастарды тәрбиелеуіміз қажет. Қазақтылықты, ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрлерімізді ұмытып барамыз. Абай Құнанбайұлын бұл он томмен ғана зерттеп, аяқтадық деп айтуымызға болмайды. Бұл – әлі талай зерттеуді, ізденістерді қажет ететін құнды еңбектердің бастамасы», – деп пікір білдірсе, ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, ф.ғ.д., профессоры Жанғара Дәдебаев «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» атты он томдық еңбек жиырма бес томдық жұмыстардың ішінен іріктеліп алынғанын, бұл еңбектің тек қана қазақ тілінде емес, болашақта орыс тілінде де 25 том болып басылып шығатындығын тілге тиек етті.

Көп томдық «Абайтану» кітабы мектеп оқушыларына, студенттерге, Абай Құнанбаев туралы жалпы зерттеушілерге ақын жөнінде толыққанды ақпарат береді. «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық еңбегі абайтану тарихындағы ірі әдеби оқиға, айтулы белес болып отыр.

Арайлым
МҰХАМЕДИЯРҚЫЗЫ

Болашақ энергиясы – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Уақыт алға жылжыған сайын мемлекет әлеуетінің шикізат ресурстарына қарағанда ғылым мен білімге тәуелділігі айқындала бастады. Сол себепті халық пен ұлттың жарқын болашағын ізгілікке негізделген ғылыми техникалық игілікпен байланыстыру да заңдылық. Бұл – жаһандану кезеңінің жасампаз қажеттілігі. Әл-Фараби бабамыз айтқандай, «білімге бас ұрған қайырымды қала тұрғындарының келешегі кемелді» болатындығының көрінісі. Осы орайда саналы тәрбие мен сапалы білімді шамшырақ қылған білімнің қарашаңырағы – ҚазҰУ да дамыған елдердің озық білім ордаларымен иық тіресіп, ғылым жолында көш бастап келеді.



Бұл маңызды міндетті жүзеге асыруда университеттің ғылыми-технологиялық паркінің қосып отырған үлесі зор. Бүгінгі жас маман, ертеңгі зиялы қауым өкілдерін қалыптастыруды көздейтін орталық аз уақыт ішінде елеулі табыстарға қол жеткізіп үлгерді. Жас ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектері мен тәжірибелік-конструкторлық ізденістері іс жүзінде жүзеге асып жатқан орталықтан біз, Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Экономика», «Құқық және экономика

негіздері» мамандықтарының 1-курс магистранттары ғылыми тәжірибеден өттік.

Теориялық білімді іс жүзінде тәжірибемен ұштастыру барысында біз ел экономикасының өрлеуіне ықпал ететін мемлекеттік, өңірлік және халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен өміршең жобаларды ұйымдастыруға атсалыстық, кәсіби мамандардан дәріс алдық. Тәжірибе аясында университет технопаркінде еліміздің елеулі оқиғасы –

«ЭКСПО-2017: Болашақтың энергиясы» тақырыбында семинар өткізіп, халықаралық көрменің маңызы мен ерекшелігін атап өттік. Семинарда өз мамандығымыздың ғылыми зерттеу әдістері мен заңдылықтары, ғылыми-технологиялық парктің негізгі мақсаттары мен талаптарына сәйкес бірқатар маңызды зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қазіргі жаһандық мәселелерді қарастыра отырып, аталмыш тақырып аясында жобаларды жүзеге асырудың ең тиімді шешу әдістерін ұсындық.

«Болашақ энергиясы» жобасы тұрақты қуат көздерін басқару, балама қуат көздерін пайдалану, оның ішінде қалпына келтірілетін қуат көздерін тиімді жүзеге асыру және энерготімділікті енгізу, энергиямен қамтуды қамтамасыз ету, энергияны өндіру, сақтау секілді бірқатар ауқымды мәселелердің маңызы мен міндетін қарастырады. Осыған байланысты семинарда бас қосқан магистранттар зерттеу әдістерін қолдану арқылы қазіргі таңдағы әлемдік экономикалық-экологиялық мәселелерді, сонымен қатар 2017 жылғы ЭКСПО көрмесінің өткізілуі мен болашақ энергиясымен байланысты табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған жасыл экономиканың тиімділіктері мен шетелдік тәжірибелерді енгізу әдістерін мысалға келтіріп, ауқымды жобаның маңыздылығын жан-жақты талдады. «Болашақ энергиясы» атауымен өткелі отырған ЭХРО – 2017 халықаралық көрмесі – ел имиджін танытудың теңдессіз мүмкіндігі, сондай-ақ жасыл экономика тұжырымдамасын дамытудың алтын көпірі, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мәңгілік ел» – Ұлттық идеясының айқын көрсеткіші.

ӘжБЖМ-нің 1-курс магистранттары

Қазіргі жаңа қоғамда өскелең XXI ғасыр ұрпағынан үлкен үміт күтілуде. Мектептегі басты тұлға мұғалім десек, мемлекеттің білім саясаты, ең алдымен, осы мұғалімдер арқылы жүзеге асырылады. Жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру, осы арқылы өзіне деген сенімін нығайту, өз жолын табуына түрткі болу – бүгінгі таңның басты мәселесі.

Ол үшін мұғалім үнемі ізденіп, көп еңбектенуі қажет. ҚазҰУ-дың бейіндік мектебінің ұжымы осы мақсатта аянбай еңбек етіп келеді. Нәтижесінде жақсы көрсеткіштерге де қол жеткізіп келеміз. Мен өзім сабақ беретін қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша айтар болсам, 2012-2013 оқу жылында ҰБТ-да орта балл 21,5%-ды құрады, бір оқушы тек қазақ тілі пәнінен 25 балл алған болатын. Ал 2013-2014 оқу жылында орта балл 20,5% болды.

Сондай-ақ оқушыларымыздың түрлі білім сайыстарындағы жетістіктері де қуантады. Атап айтсақ, 11 А сыныбының оқушысы Құралай Смағұлова «Әл-Фараби» атты республикалық олимпиадаға «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні бойынша қатысып, жүлделі III орынды иеленді. Мектебіміздің оқушысы Сымбат Жолшыбек ҚазҰУ бейіндік мектебі мен Назарбаев зияткерлік мектебі арасында өткізілген ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылды-

Оқушы жетістігі – мұғалім еңбегінің көрсеткіші



ғына арналған «Жас әл-Фараби» атты III оқушылар конференциясында ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша «Қазіргі таңдағы қазақ тілінің мәртебесі» тақырыбына ғылыми жоба қорғап, III дәрежелі дипломмен марапатталды. 11 А сыныбының оқушысы Жансая Өскенбай халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов атындағы жыл сайын өткізілетін «Адам және әлем» атты әдеби шығармашылық байқауына қатысып, «Жас ақын» номина-

циясы бойынша үздік шығармасы үшін дипломмен марапатталды. Айта кетерлігі, осы шығармашылық байқауында мектебіміздегі жас әдебиетшілер өз шығармашылықтарымен танылып, алғыс хаттармен марапатталды.

Алтын ӘСЕМБАЕВА,
ҚазҰУ бейіндік мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің оқытушысы

Экономическое и социальное процветание, безопасность Казахстана напрямую зависят от знаний и интеллектуальных ресурсов молодого поколения. Молодёжь независимого Казахстана является главным достоянием страны, её потенциалом и будущим. Это поколение, которое знает, чего хочет и куда ей стремиться.

Я вижу будущее Казахстана без ссор и конфликтов на национальной почве, терроризма или гражданских столкновений. Для этого общество должно воспитать достойное поко-

Молодежь – опора независимости

Все чаще в своих выступлениях Президент Нурсултан Назарбаев отмечает, что определенная часть молодежи легко становится добычей религиозных сект, экстремистов, наркомагистративных и криминальных групп. Главная причина всего этого – социальный инфантилизм, неумение стать взрослым и зрелым гражданином, который сам отвечает за свою жизнь и благосостояние своей семьи.

Забота о мире и согласии включает в себя формирование всесторонне развитого, культурного, патриотичного поколения с высоким чувством любви и преданности к Родине. Необходимость решения этой многоаспектной задачи возложена и на студента КазНУ им. аль-Фараби.

В целях вовлечения в процессы социальной модернизации страны студенты КазНУ участвуют в широкомасштабном проекте «Айналанды нұрландыр!» – «Освети мир вокруг себя». Приобщение к литературе и искусству реализуются в рамках проектов «100 кітап» и «День отечественного кино». Праздником для каждого студента КазНУ считается проведение и участие в республиканском патриотическом фестивале «Мен жастарға сенемін!». В поддержку глобальных экологических инициатив Нурсултана Назарбаева участвует в движении «Зеленый мост через поколения», которое призвано вовлечь студенческую молодежь в



процессы продвижения «зеленой экономики». Составной частью данного движения является реализация проекта «КазНУ – Гринкампус».

Сегодня в КазНУ функционирует 374 клуба и кружка. Это клубы патриотического, профессионального и научного направлений, кружки художественной самодеятельности, спортивные секции, лидерские школы, социальные и просветительские клубы.

Легко ли быть молодым в современном казахстанском обществе? Легко! Для нас создаются все условия. К нашему мнению прислушиваются. Мы – двигатели прогресса!

ление, гордо называющее себя казахами, казахстанцами, беззаветно преданное своему народу, уважающее свои культурно-нравственные ценности, традиции и обычаи, язык, религию и менталитет.

Казахстан – наш дом, а значит, нам должно быть в нем уютно. И задача живущих в ней людей – создавать хорошую атмосферу, ведь все в наших руках!

Малика КАРИМОВА,
специалист отдела
по работе с молодежными
организациями

Мемлекеттің дамуына әр адам өз үлесін қосуы керек. Өз елінің абыройы мен беделін көтеруге әр азамат міндетті. Ал, бұл миссияны біз қалай түсінеміз?!

лекетімізде саналы да білімді азаматтары көбейері анық.

Жастардың өмірден алған оң сабақтары мемлекеттің дамуына тек игі әсерін тигізері сөзсіз. Яғни, әр

сиздігін қамтамасыз етті. Сондықтан кез келген азамат өз мемлекетінің ертеңіне бей-жай қарамауы тиіс. Ол үшін жақсы оқып, тәртіпті бол, білікті маман атанып, жұмысыңды сүйіс-

Мемлекет болашағына әрқайсымыз жауаптымыз!

Ең алдымен, «Отан отбасынан басталады» демекші, әр жас отбасы өз денсаулығына мән беріп, дүниеге дені сау ұрпақ әкелуі керек. Ол балаға еңбектеген шағынан тәлімді тәрбие беріп, бала бақша, мектепке апару арқылы білім береді, үйретеді, тәрбиелейді. Бала мектеп жасында халқымыздың барша құндылықтарын бойына сіңіре отырып тәрбиеленіп, біліммен қаруланып, жоғары оқу орнына түседі. Ондағы оқытушылардың білімі, біліктілігі талапты жастың жақсы маман болып шығуына тікелей әсер етеді. Сондай-ақ келесі ретте жұмыс берушінің әділ бағалауы арқылы адалдықтың дәмін татқан жас маман уақыт өте келе келесі жас буыннан адалдық пен іскерлікті талап етері анық. Осындай ізгі қасиеттер арқасында азамат жақсы тәрбиеленеді. Сол үшін әркім өз міндетін сапалы, адал атқарса, мем-



азматтың мемлекетке тікелей пайдасына оралсақ, кей азаматтарымыздың мен ештеңе жасауға міндетті емеспін, маған да ешкім ештеңе жасамай-ақ қойсын деген қағиданы ұстанатыны дұрыс емес. Өйткені мемлекет ол азаматтың өсіп-жетілуі, білім алуы үшін белгілі мөлшерде жағдай жасады, алаңсыз өмір сүруін, қауіп-

пеншілікпен жаса, мемлекеттің жетістігін арттыруға атсалыс. Әр азамат мемлекет алдындағы өз істеріне жауапкершілікпен қарауға міндетті.

Копбосын Амандық ЖАНЫСБЕКҰЛЫ,
география және табиғатты пайдалану факультетінің
3-курс студенті

Талапкер не істеуі керек?

Мен биыл мектепті бітіріп, талапкер атанып отырмын. Жүрек қалауым – журналистика. Алайда барша оқуға түсемін деген үміткерлер сияқты мені де «Не істеймін?», «Грантқа түсе аламын ба?», «Қайда тапсырамын?», «Егер грантқа түсе алмасам ше?» деген сан сұрақтар мазалайды. Сондықтан еліміздің көптеген жастары секілді, міне, мен де әсем қала Алматыға келіп, білім қуған жастардың қатарын толықтырудамын.

Кең байтақ еліміздің түкпір-түкпірінен келген құрдастарыммен «Талапкер не істеуі керек?» деген сұрақ төңірегінде өзімді толғандырған ойыммен бөліскім келеді. Алдымен, әрбір адам жеке тұлға екенін ұмытпай, қалаған мамандығын нақты тандап алғаны дұрыс деп ойлаймын. Адам тек өз жүрек қалауымен тандалған дүниеден ләззат алып жұмыс істеп, ертеңгі болашағына үлкен үмітпен жоспар құра алады. Ал қалауынан тумаған дүниеге атүсті қарап, ешқандай құлшынысыз, тұсауланған ат секілді алысқа құлаш сермеп шаба алмай, айналасымен ғана шектеліп қала берері даусыз. Бәріне белгілі жайт, оқуға тапсырарда



тума-туыс, жақындары, тіптен, әйтеуір, біртаныс емес адамдардың өзі баланың ойын бұзып, «ол болмайды», «былтыр былай болған екен» немесе «менің пәлен жақным бүйтіп қалды» деген сөздерімен-ақ баланың жігерін жаншып, мысын басып тастайды. Нәтижесінде жоғары оқу орындарына құжат тапсыруға барған талапкер алдынан шыққан түрлі жарнамалардан басы айналып, не істерін білмей, екі оттың ортасында қалып қояды. Мұндай жағдайда жас жеткіншек дел-сал болып, алдынан шыққан жез тасты алтынға балап, келешегіне көз жүгіртпей таңдау жасай салуы мүмкін. Бұлақты бөгеп қалай қарай бағыттансаң, солай қарай ағатындай, бұл ретте ата-ана баласына психологиялық демеу беріп, болашақ өмірдің баспалдағын шалыс баспауға дұрыс бағдар берсе екен...

Білім ордаларын таңдағанда да «Мен осы жерде бойымдағы білімімді шындай аламын. Дәл осы оқу орнынан алған біліміммен халқыма пайдамды тигізе аламын» деп таңдай білуі керек. Аспандағы жұлдызға қол созып, берілген мүмкіндігінен айрылып, қапыда қалып жататындар да бар. Бұл бір жағынан жастардың жалпы ізденіп қарамайтынынан да болар. Өмірде жай ғана құрылысшы мамандығын бітіріп, ерінбей еңбек етіп, үлкен жетістікке жетіп жатқандар қаншама?! Ең бастысы, өз мамандығының шыңына шығу. Сондықтан да кез келген жерде сапалы білім алып шығуды көздегеніміз абзал.

Біз, жастар алдымызға биік мақсат қоя алсақ, арманымызға қол жеткізе аламыз. Бастысы арман жолында адаспай, өз қиялымыздағы тұлғаны шын мәнінде қалыптастыра білсек болғаны. Тәуелсіз Қазақстанымыздың біртуар азаматы болар жолда талай сатыдан өту керектігін көкейде ұстаныздар, құрметті талапкерлер!

Әсел МӘЛІК,
ОҚО, Арыс ауданы,
Байырқұм ауылы,
М. Шаханов атындағы
жалпы орта мектебі



Учитесь в КазНУ - престижно

Иностранные студенты поступают в университеты Казахстана на тех же основаниях, что и граждане республики. В последние годы наблюдается рост числа иностранных обучающихся в отечественных вузах как следствие расширения научных контактов и повышения рейтинга национальной высшей школы в мире.

Побывав на одной из «горячих точек», — приемной комиссии КазНУ, обратила внимание на группу ребят, говоривших с небольшим акцентом на русском языке. Все они решили поступать на факультет журналистики, владеют языком межнационального общения и шутят, что в их лице журфак обретет хорошую баскетбольную команду. Подданные Поднебесной, безусловно, отдавали пальму первенства в беседе Фелипе Владимир Пулидо Гомес, гражданину Колумбии.

Как выяснилось, человек он решительный: в Казахстан его привела мечта найти самое миролюбивое место на Земле. Дома в Колумбии случайно зашел в антикварный магазин и увлекся с тех пор чтением Чехова и Маяковского. Лукавый и мудрый Чехов покорил его юное сердце сразу, «трибун» же революции поддался не сразу.

За годы учебы на подготовительном отделении в КазНУ



Фелипе освоил русский разговорный, свободно поддерживает беседу и мечтает стать журналистом-международником. Дома его ждут родители, братишка, а сестра уже осваи-

вает азы науки в соседней Бразилии.

О Казахстане и казахстанцах Фелипе готов рассказывать всему миру, — он уже договорился с колумбийским изданием, где ему вместе с сестрой доверят вести колонку (column). Что ж, не помешает вузу свой «коррпункт» в Латинской Америке, шутим мы. Возможные финансовые трудности Фелипе не пугают, он готов обучать желающих испанскому языку, а таковых в Алматы немало.

КазНУ распахнул свои двери для желающих получить высшее образование со всего мира. Это, безусловно, радует, но и обязывает к реальному межкультурному сближению. Как знать, может, в добром сердце Фелипе рождаются сюжеты, не менее захватывающие, чем в творениях его знаменитого земляка — Нобелевского лауреата в области литературы Габриэля Гарсиа Маркеса?! Welcome,

Филипе!

Гюльнар МУКАНОВА,
кандидат исторических наук, доцент

Бүгінгі күні тұмау көп тарайтын жұқпалардың бірі болып есептеледі. Жылдар бойы ол эпидемия көзі болып, 5-10% ересектер мен 20-30% балаларды зақымдауда.

Тұмау – өте жұқпалы ауру

Аурушылықтың кезеңдік көтерілуі тұмау вирусының өте жоғары өзгерушілігімен, нәтижесінде адам арасында жаңа ауру қоздырғыштар түрлері пайда болуымен ерекшеленеді.

Вирус адамдарда жиі өте ауыр түрде өтіп, кейде өміріне қауіп төндіретіндей ауыр асқынулармен байқалады (пневмония, өкпе абсцесі, өкпе көк ет

тарайды. Бір мезгілде бір облыс, өлке, тіпті бүкіл жер жүзі адамдарының жаппай ауруы мүмкін. Тұмау салқын кезде жиі, ысыда сирек кездеседі. Кейде адамға суық тиіп, тыныс жолының жоғарғы бөліктері қабынып, оның тұмауға ұқсауы да мүмкін. Бірақ бұл тұмау емес. Ол — салқын тигенде мұрын, көмей, жұтқыншақтарды жайлайтын басқа



эмпиемасы, респираторлық дистресс синдром, құлақтың қабынуы, кенірдектің ісінуі, энцефалит, менингит, токсико-аллергиялық шок, т.б.), мұның өзі тұмауға қарсы алдын алу шараларын кешенді түрде жүргізуді талап етеді.

Кейде ол асқынып кетіп тыныс жолын, нерв жүйесін, қан тамырды, жүректі ауруға шалдықтырады. Тұмауды қоздыратын вирустар (микробтар) тыныс жолының кілегей қабығында өсіп-өнеді. Тұмау тиген адам аурудың микробын жөтелгенде, түшкіргенде және қақырығы арқылы ауаға таратады. Сондай-ақ тұмау вирусы науқастың ыдысы, сүлгісі, қол орнамалы, кітабы және т.б. арқылы жұғады. Тұмау вирусы өте тез

микробтардың әрекеті. Тұмау вирусы күн сәулесіне және зарарсыздандырғыштар (хлор, қышқылдар, спирт және т.б.) әсерінен тез қырылады.

Тұмау басталғанда адамның денесі дел-сал болып, көңіл-күйі нашарлайды және тағамға тәбеті шаппайды. Бір-екі күннен кейін дене қызуы көтеріледі, басы ауырады, бұлшық еттері сыздап, буын-буыны сырқырайды, мұрны бітеді, дауысы қарлығып, жөтеледі, тамағы қызарып, жұтынғанда ауырады, көзі қызарып жасаурайды. Адам дереу дәрігерге көрініп, емделсе, үш-бес күннен кейін дене қызу төмендеп, сауыға бастайды.

Емі — міндетті түрде дәрігерді үйге шақырып, ем қабылдау! Өз бетімен ем-дом қабылдамау! Дерттің асқынуына жол бермеу!

Арудың алдын алу шаралары: иммунитетті көтеру мақсатында құнарлы тамақтану; дем алу; вакцинация; ауру көзі болып отырған науқастардан өзін алшақ ұстау; жеке бас гигиенасын сақтау

Д.Б. БУЛЕГЕНОВА,
Бостандық аудандық ТҚКБ бас маманы



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Қаламқас АМАНҚОСОВА, Елдана ТОҚБАЙ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №409

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.